

БЕКІТЕМІН:
Ақмола облысы білім
басқармасының
«Ақмола дарыны» дарынды балалар мен
талантты жастарды анықтау және
қолдау орталығы» КММ

басшысы
Е. Оразов
«12» _____ 2025 ж.

5-8 сынып оқушыларына арналған «ProEco» экологиялық жобалар
конкурсының
Ережесі

1. Жалпы ереже

1) Осы ереже 5-8 сынып оқушыларына арналған «ProEco» республикалық экологиялық жобалар конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ ұйымдастыру-әдістемелік қызметті қамтамасыз етуді, өткізу және қаржыландыру тәртібін, оған қатысу шарттарын, жүлдегерлер мен жеңімпаздарды анықтауды айқындайды.

2) Конкурстың ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Оқу-ғарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) болып табылады.

3) Конкурстың негізгі мақсаты – экологиялық проблемаларға қызығушылық танытатын, зерттеу қабілеті жоғары дарынды оқушыларды анықтау және қолдау.

4) Конкурстың негізгі міндеттері:

- еліміздің жас ұрпағында экологиялық мәдениетті және жаһандық проблемаларға белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру;
- табиғи және жасанды экожүйелерді зерттеу мен сақтауға қызығушылықты қолдау;
- мәдени және табиғи байланыстарды сақтау қағидатына сәйкес балаларды бірегей жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу;
- оқушылардың зияткерлік-шығармашылық әлеуетін ынталандыру және туған өлкенің табиғатына ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

2. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1) Конкурсты дайындау мен өткізу бойынша жұмысты үйлестіру және жүзеге асыру үшін облыстық ұйымдастыру комитеті құрылады.

2) Ұйымдастыру комитеті Конкурстың облыстық кезеңін дайындауға және өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады, қазылар алқасының

- 1) құрамын, қатысушы – командалардың тізімін бекітеді, Конкурстың қорытындысын шығарады және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.
- 2) Қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын тексереді және бағалайды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.
- 3) Конкурс үш кезеңде өткізіледі:
I кезең – аудандық (*қалалық*);
II кезең – облыстық (*іріктеу*);
III кезең – республикалық (*қорытынды*).
- 4) Конкурстың бірінші кезеңіне қатысу үшін білім беру ұйымдары тиісті білім бөлімдеріне өтінім береді.
- 5) Конкурстың I кезеңін аудандық және қалалық білім бөлімдері, Облыстық мамандандырылған мектеп-интернаттары өткізеді.
- 6) Ұйымдастыру комитетіне Конкурстың I кезеңінің қорытынды есептерін және хаттамаларын, сонымен қатар өтінім ұсынады.
- 7) Апелляция қарастырылмайды.

1. Конкурс қатысушыларының жұмыстарына қойылатын талаптар

1) Конкурсқа 5-8 сынып оқушыларының жұмыстары келесі бағыттар бойынша қабылданады:

- **«Туған өлке табиғаты» бағыты** – виртуалды саяхат. Өз өлкесінің көрікті жерлері, табиғаты және қорық аумақтары, табиғат ескерткіштері, табиғат нысандары мен аумақтары туралы виртуалды саптармен 3-D форматта (маршрутар, экскурсиялар т.б.) таныстыру.

- **«Мені қоршаған әлем – ғажайып әлем» бағыты** – біздің планетаның кез-келген бұрышы таңғажайып және қайталанбас құбылыс. Табиғат аясының әр сәті ерекше. Жапырақтың жел ескендегі сыбдыры, көбелек қанаттарының түрлі-түсті реңдері. Табиғат адамның басты байлығы екендігі туралы біз қаншалықты жиі ойлаймыз? Осының барлығы сіздің «экологиялық» әсеріңіз бен жер бетіндегі өмірдің ғажайып сезімін бейнеге түсіріп алуға тамаша себеп, яғни керемет ұтымды бейнесәттер бағыты.

- «Мені қоршаған әлем – ғажайып әлем» тақырыбында дебаттық пікірталас. Спикерлер өздерінің фактілерін ұсына отырып, экологиялық «экологиялық» әсеріңіз бен жер бетіндегі өмірдің ғажайып сезімін бейнеге түсіріп алуға тамаша себеп, яғни керемет ұтымды бейнесәттер бағыты.

- «Мені қоршаған әлем – ғажайып әлем» тақырыбында дебаттық пікірталас. Спикерлер өздерінің фактілерін ұсына отырып, экологиялық проблемалардың шығу себептері мен туындау нәтижелерін, сонымен қатар оны шешу жолдары туралы өз позицияларын дәлелдейді.

- **«Үздік экологиялық бастама» бағыты** – экодизайнерлер байқауы. Командалық жұмыстар қабылданады (2 қатысушыдан артық емес). Қоршаған ортаны сақтауға бағытталған экологиялық акциялар мен табиғатты қорғау іс-

шараларын көрсететін жобалар конкурсы. Осы бағыт бойынша экологиялық жағдайды жақсартатын түрлі дизайнерлік макеттер мен жобалар қабылданады.

• **«Таза қала сізден басталады» бағыты** – көркейту, көгалдандыру бойынша экологиялық жұмыстар, өткізілетін экологиялық акциялар (оның ішінде өз ауылдарындағы жағажай, өзен-көл аудандарында қоқысты жинау және жинау бойынша қоғамдық жұмыстарға еріктілер тобының қосқан үлесі), жылыжайлар, мектеп жанындағы оқу-тәжірибелік учаскелер, мектеп орман шаруашылығы бойынша видеороликтердің презентациясы. Видеода сіз бұл мәселеге шығармашылықпен қарай аласыз, визуалды әдістерді, түсіруді, анимацияны және компьютерлік графиканы, музыкалық және дыбыстық сүйемелдеуді қолдана аласыз.

1) Жұмыс қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Оқушылар өзінің таңдаған бағыты бойынша 7-8 минуттық бейнеролик дайындайды;

2) Бейнеролик кез келген бейне таратқышта өңделген немесе телефон камерасымен түсірілген анимациялық, сахналанған бейнежазба, сондай-ақ арнайы бейнекамера түрінде жазылуы мүмкін.

3) Бейнеролик форматтары: MPEG46 AVI.

Бейнероликте келесілер міндетті түрде болуы керек:

- бейнероликтің бастапқы кадрында жұмыстың атауы мен автордың (авторлардың) аты-жөні көрсетілуі тиіс;

- бейнеролик соңында кадрда автордың (түсірілімге қатысқан топтың) тізімі, мектептің атауы мен жасалған уақыты көрсетілуі тиіс;

- музыкалық сүйемелдеу қолданылған жағдайда музыка мен мәтіннің авторын көрсету қажет.

4) Конкурсқа арналған жұмыстар электронды түрде жіберілуі тиіс. Бейнеролик файлына жұмыс пен номинацияның атауы, автордың тегі мен инициалдары қамтылған.

5) Бағалау критерийлері:

- тақырыпқа сәйкестігі;
- бейнероликтің эмоционалдылығы және ақпараттық мазмұны;
- көркем орындалуы мен шығармашылығы;
- өңдеудің эстетикалық және техникалық дейгейі;
- композициялық шешімі;
- идеяның жаңалығы мен тың ерекшелігі;
- экологиялық мәселелердің көрінісі.

2. Қорытындысын шығару және марапаттау

1) Конкурсты қорытындылау финалды өткізу барысында жүзеге асырылады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер 4 бағыт бойынша анықталады.

2) Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Ақмола облысы білім басқармасының «Ақмола дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен және

грамоталарымен марапатталады. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: индекс 020000, Көкшетау қаласы, Абай көшесі 107, 10 кабинет, тел.:+7(7162)51-12-72, umc_daryn17@mail.ru.